

Сабақ тақырыбы: Елдердің экономикалық көшбасшылары

Оқу мақсаты:

Елдердің экономикалық көшбасшылары (лидерлері)

Оқушылар Үлкен жетілік елдерінің бастапқы мамандануы қандай болғанын зерттеу керек. Бір ортақ заңдылық байқала ма? Егер де байқалса, оны түсіндіріп көріңіз. Осы сала қазіргі таңда жетекші болып табыла ма? Егер олай болып табылмаса, қай сала орнын басты және неліктен?

Жетістік критерийі

Білу;

- Экономикада көшбасшы болған елдерді анықтап, сипаттай алады

Талдау;

- Экономикада көшбасшы елдердің дамыған шаруашылық салаларын атап, әсер ететін негізгі факторларды талдай алады

Өткенге шолу

1. Халықтардың қалыптасуына әсер етуші факторлар?
2. Әлемнің қай аймақтарында әйелдер үлесі жоғары?
3. Әлемдегі көші-қонның басты бағыттарын атаңыз, қандай факторлар әсер етуде?
4. Урбандалудың жоғары болуы ел елдің экономикасының қаншалықты дамығандығын білдіре ала ма (дәлелдеңіз)?
5. Оқшау тілдер дегеніміз не, оның қалыптасуына қандай факторлар әсер етеді?
6. Қазақстанның негізгі геосаяси ерекшеліктеріне баға беріңіз, артықшылығы мен кемшілігін атаңыз?
7. Қоныс аударушы капитализм елдерін атаңыз, олардың географиялық орналасуына талдау жасаңыз?
8. Үкіметтік емес халықаралық ұйымдар елдің саяси дамуы мени қалыптасуына қалай әсер етеді?

Экономикалық даму деңгейі — елдер тобының (елдің, ауданның) экономикалық даму процесінде қол жеткен дәрежесін және оларды салыстырылатын аумақтар иерархиясының қатарының алатын орнын анықтауға мүмкіндік беретін жалпылама экономикалық сипаттама. Экономикалық даму деңгейі бір жыл ішінде өндірілген ұлттық табыстың немесе түпкі қоғамдық өнімнің халықтың жан басына шаққандағы көлемі ретінде анықталады.

Бұрын КСРО құрамында болған немесе социалистік жолмен дамыған Шығыс Еуропа мен ТМД-ның кейбір елдері *өтпелі экономикалы елдерге* кіреді.

Елдердің даму типологиясы

дамыған

1. Үлкен жетілік
2. Еуропадағы елдер
3. Еуропадан тысқары жатқан елдер (Қоныс аударған капитализм елдері)
4. Жаңа индустриалдық елдер (Сингапур, Малазия, Корея Республикасы, Ганконг)

дамушы

1. Дамушы елдер көшбасшылары
2. Жаңа индустралды елдер
3. ОПЕК елдері
4. Плантациялық шаруашылық елдері
5. Жалға пәтер беруші елдер
6. Артта қалған елдер
7. Мешеу елдер

өтпелі

Бұрын КСРО құрамында болған елдер немесе социалистік жолмен дамыған елдер

Үлкен жетілік

Америкада

1. АҚШ
2. Канада

Еуропада

1. Германия
2. Франция
3. Ұлыбритания
4. Италия

Азияда

1. Жапония

1. «Үлкен жетілік» елдері шаруашылықтың қай салалары бойынша маманданған?

2. Әлемдік экономика лидерлерінің географиялық орналасуы бойынша қандай ұқсастықтар бар?



1. Үлкен жетілік елдерінің бастапқы маманданулары қандай болған? *(ортақ ұқсас заңдылықтар бар ма?)*

2. Үлкен жетілік елдерінің бастапқы маманданулары қазіргі таңда жетекші саласы болып табыла ма? Әлде оның орнын басқа салалар ауыстырды ма?

Тапсырма

1. Үлкен жетілікке кіретін елдерді кескін картаға түсіріп, кез-келген 2 елін таңдап алып Венн диаграммасы түрінде талдау жасаңыз, экономикалық дамуына әсер етуші факторларды анықтаңыз.

Мысалы:

- *Теңізге шыға алуы;*
- *Отар иемденуі;*
- *Ауыр өнеркәсіп және т.б.*

-

-

-

-

-

Қазіргі таңда әлемдік экономика лидерлерімен қатар жаңа индустриялы елдер мен дамушы елдер көшбасшыларының әлем шаруашылығында маңызы арта түсуде. Үлес салмақтары жылдан-жылға жоғарылауда.

Сұрақ: *XX ғасыр ортасында экономикалық дамуы төмен елдердің XXI ғасыр басына келіп шаруашылығының жоғары дамуына әсер етуші факторларды анықтаңыз?*

Сіз не дейсіз???

Қазіргі экономика лидерлерінің орнын өзге елдер иемденуі мүмкін бе? *Қаншалықты?*
Қашан? Қандай сипатта?

Үйге тапсырма:

1. Үлкен жетілікке кіретін елдердің экономикалық даму артықшылықтарын сипаттаңыз
2. Қазіргі таңда жоғары қарқынмен дамып келе жатқан 1 елді анықтап, 4-5 беттік презентация жасау

БАҒАЛАУ

КЕРІ БАЙЛАНЫС